

Хаттама №1

«Майдантал жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021 жылдың 03 қыркүйек күні 1-11 сынып жетекшілері мен әдістемелік бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қатысушылар: 1-11 сынып жетекшілері, ДТІЖО С.Шегенбаев, Р.Айтова, Психолог Р.Нүрпейіс, З.Шораева, ҰП Т.Абдраманов, ӘП Ә.Саңғылбаева, ҚББП Ж.Мусабаева
Барлығы - 35

Күн тәртібінде қаралған мәселелер: 1.Тәрбие жоспарын жүйелі жасау /Тәрбие құндылықтары/, талқылау, бекітуге ұсыну.

2.Сынып жетекшісінің ұйымдастырушылық жұмысы

3.Оқушылардың тәрбие деңгейін зерттеу, анықтау әдістері.

4.Мектепшілік өткізілетін апталықтар мен айлықтар және мәдени іс-шаралар туралы

5.Кезектегі мәселелер:

а) Оқушылардың мектеп формасы мен тәртібі.

ә) Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларының балаларына көмек ұйымдастыру

Барысы : ДТІЖО С.Шегенбаев өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға және нәтижесіне тоқталып өтті. Жұмыс барасында апталық тәрбие сағаттары өз уақыттарында өтілуі керек. Биылғы оқу жылының тәрбие жоспарымен таныстырып өтті. Сынып жетекшілерге жетекшілікке арналған журнал дайындап жатқандығын, журналға сынып жетекшіге керекті жоспарлар, сынып, ата ана жоспары ,хаттамалары, ата анамен байланыс, жолда жүру, өрт қауіпсіздігі, адам өмірінің қауіпсіздігі негіздері тақырыптары көрсетілген. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі мүшелері 1-4 Т.Байбатырова , 5-8 А.Сәрсенбаева, 9-11 А.Әйнекова болып бір ауыздан отырыс мүшелерінің ұсынысымен сайланды.

Педагог психолог: Р.Нүрпейіс, З.Шораева Оқушылардың тәрбие деңгейін зерттеу , анықтау әдістері тақырыбында баяндама жасады.


Мектепшілік өткізілетін апталықтар, айлықтар , мәдени іс-шаралардың жоспарын түзіп бекітілді.

Кезектегі мәселелер бойынша : ӘП Ә.Саңғылбаева әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларының балаларына көмек беруді ұйымдастыруды, сынып осындай оқушылар бар болса тізімдерін беруді сұрады. Мектептегі оқушылардың формасы туралы С.Шегенбаев ұлдарға қара көк костюм шалбар , шалбар, ақ көйлек. Қыздар қара көк костюм белдемше, ақ көйлек, классикалық шалбар күн суытқанда.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Сынып жетекшілері және ӘБ мүшелерінің жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.
2. Оқушылардың тәрбие деңгейін зерттеу, анықтау ПП Р.Нүрпейісов пен З.Шораеваға жүктелсін.
3. Оқушылар формасының қадағалануы сынып жетекшілерге жүктелсін.
4. Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларының балаларына көмек ұйымдастыру ӘП Ә.Саңғылбаеваға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы
Хатшы



С.Шегенбаев
М.Абдраманова

Хаттама №2

«Майдантал жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021 жылдың 12 караша күні 1-11 сынып жетекшілері мен әдістемелік бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қатысушылар: 1-11 сынып жетекшілері, ДТІЖО С.Шегенбаев, Р.Айтова, Психолог Р.Нүрпейіс, З.Шораева, ҰП Т.Абдраманов, ӘП Ә.Саңғылбаева, ҚББП Ж.Мусабаева. Медбике К.Барлыбаева

Барлығы - 31

Күн тәртібінде қаралған мәселелер: 1.Жасөспірімдер арасында бұзақылықтың алдын-алу, болдырмау.

2.Жазалау мен мадақтаудың әсері. Қиын бала қайдан шығады? Пікір сайыс

3.Оқушыларға Қазақстандық патриотизм және құқықтық тәрбие берудегі тәжірибем.

4.Мектепшілік өткізілетін апталықтар мен айлықтар және мәдени іс-шаралар туралы

5.Кезектегі мәселелер:

а) Оқушылардың сабаққа қатысуы.

ә) Оқушылардың жеке гигиенасы мен тазалығы

Барысы : ДТІЖО С.Шегенбаев күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерді таныстырып өтті. Оқушылар , жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жоспары жасалған, біріккен жоспар Сауран ауданы ІІБ бөлімімен , жоспар бойынша ұлдар және қыздар мен жеке жұмыс, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірмеге тарту, түнгі беймезгіл уақытта жүрмеуін қадағалау мақсатында түнгі рейд жұмыстары жүргізілуде. Педагог психолог: Р.Нүрпейіс, З.Шораева Жазалау мен мадақтаудың әсері. Қиын бала қайдан шығады? Пікір сайыс

«Оқушыларға Қазақстандық патриотизм және құқықтық тәрбие берудегі тәжірибем» тақырыбында тарих пәні мұғалімі 7 сынып жетекшісі Д.Қамбарұлы өз тәжірибесімен бөлісті.

Кезектегі мәселелер бойынша : Мектеп мед бикесі К.Барлыбаева оқушылардың жеке бас гигиенасы және сынып бөлмесіндегі алғашқы медициналық көмекке қажетті құралдырдың толықтығы туралы айтып өтті.

Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы С.Шегенбаев , ұзақ 10 күннен астам уақыт сабаққа келмеген оқушылар жоқ, дегенмен жиі қалатын оқушылар бар екендігін айта келе сынып жетекшілер үнемі қадағалап отыруды ескертті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жасөспірімдер арасында бұзақылықтың алдын-алу, болдырмау жұмысы жандандырылсын.
2. Д.Қамбарұлының «оқушыларға Қазақстандық патриотизм және құқықтық тәрбие берудегі тәжірибесін» сынып жетекшілер қолдансын.
3. Оқушылар гигиенасы назарға алынсын.
4. Оқушылардың сабаққа қатысуын қалағау басты назарға алынсын.

Жиналыс төрағасы
Хатшы



С.Шегенбаев
М.Абдраманова

Хаттама №3

«Майдантал жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылдың 17 қаңтар күні 1-11 сынып жетекшілері мен әдістемелік бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қатысушылар: 1-11 сынып жетекшілері, ДТІЖО С.Шегенбаев, Р.Айтова, Психолог Р.Нүрпейіс, З.Шораева, ҰП Т.Абдраманов, ӘП Ә.Саңғылбаева, ҚББП Ж.Мусабаева. Медбике К.Барлыбаева

Барлығы - 34

Күн тәртібінде қаралған мәселелер: 1.1-11 сынып оқушыларымен І жарты жылдықта жүргізілетін тәрбие жұмыстарының қорытындысы.

2.Оқушыларға ұлттық құндылықтарды меңгертудегі тәжірибем.

3.Қыз балаға өнегелі тәрбие беру жолдары.

4.Кезектегі мәселелер:

а) Оқушылардың сабаққа қатысуы.

ә) Оқушылардың жеке гигиенасы мен тазалығы

Барысы : ДТІЖО С.Шегенбаев күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерді таныстырып өтті. Оқушылармен І жарты жылдықта атқарылған жұмыстарға тоқталды, біріккен жоспар, ашық тәрбие сағаттары , жоспар бойынша ұлдар және қыздар мен жеке жұмыс, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірмеге тарту, түнгі беймезгіл уақытта жүрмеуін қадағалау мақсатында түнгі рейд жұмыстары жүргізілді.

«Оқушыларға ұлттық құндылықтарды үйретудегі тәжірибем» тақырыбында еңбек пәні мұғалімі 8 сынып жетекшісі А.Әйнекова өз тәжірибесімен бөлісті.

Кезектегі мәселелер бойынша : Мектеп мед бикесі К.Барлыбаева оқушылардың жеке бас гигиенасы және сынып бөлмесіндегі алғашқы медициналық көмекке қажетті құралдырдың толықтығы туралы айтып өтті.

Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы С.Шегенбаев , ұзақ 10 күннен астам уақыт сабаққа келмеген оқушылар жоқ, дегенмен жиі қалатын оқушылар бар екендігін айта келе сынып жетекшілер үнемі қадағалап отыруды ескертті.

Жиналыс қаулы етеді:

5. Жасөспірімдер арасында бұзақылықтың алдын-алу, болдырмау жұмысы жандандырылсын.
6. А.Әйнекованың «оқушыларға ұлттық құндылықтарды меңгертудегі тәжірибесін» сынып жетекшілер қолдансын.
7. Оқушылар гигиенасы назарға алынсын.
8. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадалағау басты назарға алынсын.

Жиналыс төрағасы

Хатшы



С.Шегенбаев

М.Абдраманова

Хаттама №4

«Майдантал жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылдың 14 наурыз күні 1-11 сынып жетекшілері мен әдістемелік бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қатысушылар: 1-11 сынып жетекшілері, ДТЖО С.Шегенбаев, Р.Айтова, Психолог Р.Нүрпейіс, З.Шораева, ҰП Т.Абдраманов, ӘП Ә.Саңғылбаева, ҚББП Ж.Мусабаева, Медбике К.Барлыбаева

Барлығы - 35

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Қиын балаларға тәрбие беру жолдары, 1-11 сынып оқушыларымен адам өмірінің қауіпсіздігін, жолда жүру, өрттен сақтандыру сабақтарының өтілу барысы туралы.
2. Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау және дене тәрбиесін қалыптастырудағы іс-тәжірибем.
3. Кезектегі мәселелер:
 - а) Оқушылардың сабаққа қатысуы.
 - ә) Оқушылардың жеке гигиенасы мен тазалығы

Барысы : ДТЖО С.Шегенбаев күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерді таныстырып өтті. Тәрбие отбасынан басталады.

Қиын балалардың отбасындағы беріктігі және өнегелі отбасында өнегелі ұрпақ тәрбиеленетіні сөзсіз. Қиындықты шешудің негізгі жолы — отбасында қолайлы қарым-қатынасты орнату.

В.Сухомлинский тәрбиені отбасы жағдайын зерттеуден бастайды. Ол баланың сабақ үлгерімінің жақсаруымен қоса денсаулығының мықты болуына, ой-өрісінің кеңеюіне көңіл бөлді және балалардың 3-4 сыныптарға дейін бірқалыпты, тәртіпті болып келіп, 4-сыныптан кейін бастайтындығын түсіндірді. Ересек кезең – бала тәрбиелеудегі ең қиын кезең екендігін айта келіп, ата-аналарды балалармен сырласуға шақырады. А.С. Макаренко: «Тәрбие – баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие-тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде», — деген. Демек, отбасында ата-ана осы қасиеттерді барынша бірігіп, жақсы ұйымдастыра білсе және педагогикалық жағынан білімді, психологиялық әдіс-тәсілден хабардар болса, отбасындағы ахуал ерекше болмақ.

М.Жұмабаев «Педагогика» ғылыми еңбегінде «жас бала – жас бір шыбық, жас кезінде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ» деп түйін жасайды.

Қиын балаларды тәрбиелеудегі ұстанымдар.

Оқушының жан-жақты тәлім-тәрбие алуға, олардың ішкі қасиеттерін анықтап, дарынын шыңдап, сол арқылы өздері көздеген тәрбие бұлағына жағдай жасауымыз қажет. 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті менгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9- сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. 10-11 сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12-16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы

әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырды және оқу процесі кезінде жүргізілді. Жолда жүру мен өрт қауіпсіздігі тақырыптары бойынша сынып жетекшілері жүргізеді.

«Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау және дене тәрбиесін қалыптастыру іс-тәжірибем» тақырыбында С.Шегенбаев өз тәжірибесімен бөлісті.

Салауатты өмір салты (СӨС) — бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Өмір Адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. Қазіргі мәліметтер бойынша денсаулық 53-55%-ға салауатты өмір салтына тәуелді болады екен. Бұдан салауатты өмір салтын ұстанудың қаншалықты маңызды екендігі айқын.

Қимыл белсенділігі

Бұл салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Ол өмірлік маңызды мүшелердің және мүшелер жүйесінің қызметін жақсартады, сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Қозғалыс белсенділігін дұрыс ұйымдастыру организмнің өсу мен дамуына белсенді ықпал етеді, организмнің жұмысқа қабілеттігін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға төзімділігін арттырады. Ал аз қозғалған кезде организмде өзгерістер дамиды.

Организмді шынықтыру

Организмді шынықтыру. Әр түрлі аурулардың алдын алу үшін организмді үнемі шынықтыру қажет. Шынығудың арқасында организм қоршаған ортадағы температураның күрт өзгеруіне бейімделеді және организмнің жұқпаларға қарсылығын жоғарылатады. Шынықтыру емшараларын таңдау кезінде адамның жасы, денсаулығы, шынығуға бейімделу дәрежесі және т.б. жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Дұрыс толыққанды тамақтану

Денсаулықты сақтауда уақытымен және дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Жүріп бара жатып, кітап оқып отырып, теледидар алдында тамақтануға болмайды. Майлы, тұзды, тәтті тағамдарды қабылдауды шектеген жөн, тамақты аса көп жеуге, ұйықтар алдында тамақтануға болмайды. Тағам әр түрлі сапалы, экологиялық таза болуы тиіс. Төрт мезгіл тамақтануды сақтай отырып, белгілі бір сағатта ас қабылдаған дұрыс.

Жұқпалы аурулардың алдын алу

Жеке гигиена ережелерін бұлжытпай орындау, жұқпалардан қорғану тәсілдерін білу, алдын алу екіпелерін уақытымен қабылдау.

Зиянды әдеттерден алшақ болу

Темекі шегуден, ішімдіктен, есірткі және уытты заттардан бас тарту. Бұл зиянды әдеттер организмге әсер етіп, денсаулыққа зиян келтіреді.

Күйзеліс (стресс) пен кикілжіңді болдырмау

Бұл адамның өз күйін анықтай білу, көңіл-күйдің денсаулыққа әсерін білу, адамдар арасында тіл табыса білу, қарым-қатынас жасай білу, көңіл-күйін басқара білу - бұның бәрі психикалық денсаулықты қорғауға мүмкіндік жасайды.

Экологияның денсаулыққа әсері

Адам организмне қоршаған орта факторларының әсері туралы білім, қоршаған орта факторларының зиянды әсерінен қорғай білу денсаулықты сақтауға және түрлі ауруларды болдырмауға жәрдемдеседі.

Кезектегі мәселелер бойынша : Мектеп мед бикесі К.Барлыбаева оқушылардың жеке бас гигиенасы және сынып бөлмесіндегі алғашқы медициналық көмекке қажетті құралдырдың толықтығы туралы айтып өтті.

Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы С.Шегенбаев , ұзақ 10 күннен астам уақыт сабаққа келмеген оқушылар жоқ, дегенмен жиі қалатын оқушылар бар екендігін айта келе сынып жетекшілер үнемі қадағалап отыруды ескертті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Тәрбие жоспарына сәйкес жұмыс жандандырылсын.
2. С.Шегенбаевтың «оқушыларға ұлттық құндылықтарды меңгертудегі тәжірибесін» сынып жетекшілер колдансын.
3. Оқушылар гигиенасы назарға алынсын.
4. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадалағау басты назарға алынсын.

Жиналыс төрағасы

Хатшы



С.Шегенбаев

М.Абдраманова

Хаттама №5

«Майдантал жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылдың 22 мамыр күні 1-11 сынып жетекшілері мен әдістемелік бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қатысушылар: 1-11 сынып жетекшілері, ДТІЖО С.Шегенбаев, Р.Айтова, Психолог Р.Нүрпейіс, З.Шораева, ҰП Т.Абдраманов, ӘП Ә.Саңғылбаева, ҚББП Ж.Мусабаева.

Барлығы - 33

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1-11 сынып оқушыларымен ІІ жарты жылдықта жүргізілетін тәрбие жұмыстарының қорытындысы.
2. Оқушыларға ұл мен қыз және отбасы тәрбиесін берудегі тәжірибем.
3. Оқушыларға саяси мәдениетін қалыптастырудағы іс-тәжірибем.
4. Кезектегі мәселелер:

Барысы : ДТІЖО С.Шегенбаев күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерді таныстырып өтті. Оқушылармен ІІ жарты жылдықта атқарылған жұмыстарға тоқталды, біріккен жоспар, ашық тәрбие сағаттары, жоспар бойынша ұлдар және қыздар мен жеке жұмыс, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірмеге тарту, түнгі беймезгіл уақытта жүрмеуін қадағалау мақсатында түнгі рейд жұмыстары жүргізілді.

«Оқушыларға ұл мен қыз және отбасы тәрбиесін берудегі тәжірибем» тақырыбында 10 сынып жетекшісі А.Алтынбек өз тәжірибесімен бөлісті.

Тәрбиелі білім – қазына, тәрбиесіз білім – қасірет екендігі баршамызға мәлім. Сондықтан кез келген сатыда тәрбиелі білім беру – міндеттіміз. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында ұлттық салт-дәстүр, рухани адамгершілік құндылықтарын дамыта тәрбиелеуді ұстанамыз. Ұрпақ тәрбиесі бір күндік немесе бір уақытта аяқталатын әрекет емес, тәрбие отбасынан басталады және өмір бойы жалғасады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, ар-ожданы мол, парасатты, еңбекқор бойында басқа да ізгі қасиеттері қалыптасқан адамды тәрбиелеу-деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында Отбасы тәрбиесінің негізі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Ұрпақ ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Себебі бала тәрбиесімен айналысудан қиын, әрі маңызды, пайдалы әрі құнды еңбек бар ма? Кезектегі мәселелер бойынша : С.Шегенбаев жиналысты қорытындылай келе жазғы демалыс кезінде оқушылар мен ата-аналарға қауіпсіздік ережесімен таныстыруды және жазғы сауықтыру демалыс лагеріне оқушыларды қамтуды айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. 1-11 сынып оқушыларымен ІІ жарты жылдықта жүргізген тәрбие жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. А.Алтынбектің «Оқушыларға ұл мен қыз және отбасы тәрбиесін берудегі тәжірибесін» сынып жетекшілер қолдансын.
3. Оқушыларға қауіпсіздік ережесімен таныстыру, жазғы демалыс лагеріне оқушылардың қамтылуын сынып жетекшілеріне жүктелсін.

Жиналыс төрағасы
Хатшы



С.Шегенбаев
М.Абдраманова